

# Желілік сүзгі

## DEXP Standard 418B

### Пайдалану бойынша нұсқаулық

#### Құрметті сатып алушы!

Біздің өнімдерді таңдағаныңыз үшін рахмет.

Осы нұсқаулықтың сақталуына назар аударыңыз және оны өнімді одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Желілік сүзгі — бұл электронды жабдықты желілік, жоғары жиіліктік, төмен жиіліктік, импульстік кедергілерден, шамадан тыс жүктемелерден қорғауға арналған құрылғы.

#### Сақтық шаралары

1. Бұл құрылғыны тек үй-жайда қолданыңыз.
2. Бұл құрылғыны су көздеріне жақын орналастырмаңыз.
3. Құрылғыны су ағынының астына қоймаңыз және оны толығымен суға батырмаңыз.
4. Желілік сүзгіні жаппаңыз немесе оған ешқандай заттарды қоймаңыз.
5. Құрылғыны қуатты жылу көздерінен қашықтықта орналастырыңыз.
6. Электр тогының соғуын болдырмау үшін құрылғыны өзіңіз бөлшектемеңіз. Бұл құрылғыда пайдаланушы қызмет көрсететін ішкі элементтер жоқ. Уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
7. Көрінетін зақым болған кезде бұл құрылғыны пайдаланбаңыз. Уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
8. Құрылғы коммерциялық мақсатта пайдалануға арналмаған.
9. Құрылғы балалар мен физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі адамдар үшін, олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдар бақылайтын жағдайларды қоспағанда, пайдалануға арналмаған. Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.

#### Қауіпсіз пайдалану ережелері мен шарттары

1. Барлық қажетті құрылғыларды желі сүзгісіне қосыңыз.
2. Желілік сүзгі ашасын розеткаға қосыңыз.
3. Желілік сүзгі қосқышын «Қосұлы» күйіне қойыңыз.

#### Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы ешқандай орнатуды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғыны сақтау дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауа температурасы 5 °C-тан 40 °C-қа дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын орауышта жүргізілуі тиіс. Үй-жайларда жемірілуді тудыратын жегі қоспалар (қышқылдар, сілтілер буы) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы керек.
- Құрылғы мұқият өңдеуді қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т. б. әсерінен қорғайды.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Өнімнің қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, ол федералды немесе жергілікті заңдарға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және жою үшін электр және электронды жабдықтарды тиісті қабылдау пунктіне кәдеге жаратуға тапсырылады. Бұл өнімді қабылдау және кәдеге жарату орындары туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қоқыстарды шығаратын кәсіпорынан алуға болады.
- Егер құрылғының ақаулығы анықталса, дереу уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны тастаңыз.

# DEXP

## Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: Standard 418B.
- Сауда белгісі: DEXP.
- Шығыс розеткаларының саны: 4 дана.
- Кәбілдің ұзындығы: 1,8 м.
- Жұмыс кернеуі: 220–240 В.
- Жұмыс жиілігі: 50/60 Гц.
- Қосылған жүктеменің максималды қуаты: 2400 Вт.
- Максималды жүктеме тогы: 10 А.
- Қуат батырмасы: бар.

## Кепілдікті қызмет көрсету шарттары

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйым сатып алынған сәттен бастап есептеледі және жаңа өнімдерге ғана қолданылады. Кепілдікті қызмет көрсету бұйым пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдаланылған жағдайда, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

**Кепілдік мерзімі:** 60 ай.

**Пайдалану мерзімі:** 60 ай.

**Сервистік орталықтардың өзекті тізімі келесі мекенжай бойынша:**

<https://www.dns-shop.kz/technical-support/>

## Қосымша ақпарат

**Өндіруші:** Ханчжоу Оуя Электрикал Эпплайнсис Ко., Лтд.

№48, Баланмяо тас жолы, Чэннань өнеркәсіптік аймағы, Мэйчэн, Цзяньдэ, Ханчжоу қ., Чжэцзян пров., Қытай.

Қытайда жасалған.

**Импорттаушы / Қазақстан Республикасында талаптар қабылдайтын заңды тұлға:**  
«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Астана қ-ы, Сарыарқа ауданы, Сарыарқа д-лы, 12 Ғ-т, Қазақстан Республикасы.

**Электронды пошта мекен-жайы:** [info@dns-shop.kz](mailto:info@dns-shop.kz)

Тауар КО ТР (ЕАЭО) талаптарына сәйкес келеді.

Өнім сапасын жақсарту үшін сипаттамалар, өнім туралы ақпарат және оның сыртқы түрі пайдаланушыға алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген. V.4

